

## **Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 133-II Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 29.10.2015 № 372-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

МАЗМҰНЫ

## **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫ (ОДАҚТАРЫ) ТУРАЛЫ**

Осы Заң ауыл шаруашылық серіктестіктерінің құқықтық жағдайын айқындайды, серіктестік пен оның мүшелері арасындағы қатынастарды реттейді.

### **1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылық серіктестіктерінің қауымдастығы (одағы)- ауыл шаруашылық серіктестіктері жалпы жиналысының шешімдері негізінде құрылатын, олардың жалпы мүліктік және өзге де құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, қызметін үйлестіру, мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және халықаралық ұйымдарда олардың мүдделерін білдіру, сондай-ақ серіктестік мүшелеріне құқықтық, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету үшін ауыл шаруашылық серіктестіктерінің ерікті түрде бірігуі ;

2) пай - ауыл шаруашылық серіктестігі мүшесінің оның мүлкіндегі мүше енгізген пай жарнасының мөлшеріне бара-бар үлесі;

3) пай жарнасы - ауыл шаруашылық серіктестігі мүшесінің пай қорына ақшалай, жер учаскелерімен, жер және мүлік үлестерімен не ақшалай бағасы бар өзге де мүлікпен қосқан мүліктік жарнасы;

4) міндетті пай жарнасы - міндетті түрде енгізілетін және серіктестікті басқару органдарында тең дауыс беру, оның жарғыда көзделген қызметтері мен жеңілдіктерін пайдалану құқығын беретін пай жарнасы;

5) қосымша пай жарнасы - ауыл шаруашылық серіктестігі мүшесінің өз қалауы бойынша міндетті пайдан тыс не серіктестіктің жалпы жиналысы көздеген жағдайларда енгізетін пай жарнасы;

6) пай қоры - ауыл шаруашылық серіктестігінің мүшелері енгізетін мүлік (пай) жарналарынан тұратын және серіктестік мүлкін қалыптастыру көздерінің бірі болып табылатын қор;

7) ауыл шаруашылық өнімі - өндірістің толық технологиялық циклынан өткен және белгіленген стандарттарға сәйкес келетін өсімдік және мал өнімі;

8) ауыл шаруашылық тауар өндірушісі - тауарлы ауыл шаруашылық өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

9) серіктестіктің көрсететін қызметтері - ауыл шаруашылық өнімін өткізу, қайта өңдеу, материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау, сервистік қызмет көрсету немесе ауыл шаруашылық серіктестігінің тауар өндірушілерге көрсететін басқа да кез келген қызметі;

10) ауыл шаруашылық серіктестігінің мүшесі - ауыл шаруашылық өнімін өндіруші болып табылатын және серіктестікке осы Заң мен серіктестік жарғысында белгіленген тәртіппен кірген жеке немесе заңды тұлға;

## **2-бап. Ауыл шаруашылық серіктестіктері туралы заңдар**

Ауыл шаруашылық серіктестіктері туралы заңдар Азаматтық кодекстен, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

## **3-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігі**

1. Ауыл шаруашылық серіктестігі - ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің ауыл шаруашылық өнімін өткізу, сақтау, қайта өңдеу, материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету немесе серіктестік мүшелеріне басқа да сервистік қызмет көрсету қажеттерін қанағаттандыру үшін олардың мүліктік жарналарын ерікті түрде біріктіру жолымен мүшелік негізінде құрылатын заңды тұлға.

Серіктестіктің кәсіби бағытына сай тауарлы ауыл шаруашылық өнімін өндірумен айналысатын жеке және заңды тұлға ауыл шаруашылық серіктестігінің мүшесі болуы мүмкін.

2. Ауыл шаруашылық серіктестіктері коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және кәсіпкерлік қызметпен өздерінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады.

Ауыл шаруашылық серіктестігі алған таза табысты оның мүшелері арасында бөлуге болмайды және жарғылық мақсаттарға жұмсалуға тиіс.

3. Егер құрылтай құжаттарында ауыл шаруашылық серіктестігінің белгілі бір мерзімге және белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылатыны көзделмесе, ол белгіленбеген мерзімге құрылған деп есептеледі.

## **4-бап. Ауыл шаруашылық серіктестіктерін құрудың мақсаты**

## Ауыл шаруашылық серіктестіктері:

1) ауыл шаруашылық өнімін өткізуді, сақтауды, қайта өңдеуді қамтамасыз ету, материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау сумен қамтамасыз ету және серіктестік мүшелеріне басқа да сервистік қызмет көрсету үшін ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін ерікті түрде біріктіру арқылы олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттерін қанағаттандыру;

2) серіктестіктердің пайда алмайтын негізде жұмыс істеуі кезінде ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің өз пайдасын қамтамасыз ету;

3) өнімді өткізу, сақтау, қайта өңдеу және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау салаларында бәсекелестік орта жасау;

4) ауыл шаруашылық өнімін өндірушіден тұтынушыға тікелей жеткізіп беруді қамтамасыз ету;

5) ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің қажетті ресурстарды тиімді жағдайлармен сатып алуына жәрдемдесу және өздерінің шаруашылық қызметін қаржыландыруға қол жеткізе алуы мақсатында құрылады.

### **5-бап. Ауыл шаруашылық серіктестіктерінің құрылуы мен қызметінің негізгі принциптері**

## Ауыл шаруашылық серіктестіктері:

1) серіктестікке мүше болудың еріктілігі және кәсіби бағыты бойынша серіктестік қызметтерін қажет ететін және өзіне оның мүшесінің міндеттерін қабылдауға әзір кез келген ауыл шаруашылық тауар өндірушісінің мүше болу мүмкіндігі;

2) серіктестік мүшелерінің тең құқықтылығына: бір мүше - бір дауыс дегенге негізделген демократиялық басқару сипаты;

3) басшы органдар құрамының сайланбалылығы мен оның мерзімді түрде ауысып тұруы және олардың серіктестік мүшелеріне есеп беріп отыруы;

4) серіктестік қызметін өз мүшелерінің мүдделері үшін "өзіндік құн бойынша қызмет көрсету" принципімен жүзеге асыруы;

5) міндетті және қосымша пай жарналарының мөлшерін қызметтерді тұтыну көлеміне қарай белгілеу;

6) серіктестік көрсететін қызметтерді оның мүшелерінің келісім-шартта көзделген көлемде тұтыну міндеттілігі;

7) ауыл шаруашылық серіктестігінің, қауымдастығының (одағының) қызметі туралы ақпаратқа оның барлық мүшелерінің қолжетімділігі принциптері негізінде құрылады және өзінің қызметін сол принциптер негізінде жүзеге асырады.

## **2-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ**

## **6-бап. Ауыл шаруашылық серіктестіктері қызметінің негізгі түрлері**

Ауыл шаруашылық серіктестіктері негізгі қызмет түріне байланысты: өткізу, қайта өңдеу, жабдықтау, сервистік серіктестіктері және олардың аралас түрлері б о л ы п б ө л і н у і м ү м к і н .

Ауыл шаруашылық серіктестіктігі қызметінің негізгі түрі оның атауында көрсетіледі.

### **7-бап. Өткізуші ауыл шаруашылық серіктестіктері**

Өткізуші серіктестіктер серіктестік мүшелері өндіретін өнімді сатады. Өткізу қызметіне сонымен қатар шикізатты жас немесе қайта өңделген түрінде жинау, сақтау, сұрыптау, кептіру, оларды көтере немесе бөлшектеп сату және серіктестік мүшелерінің өнімін тасымалдау жатады.

### **8-бап. Қайта өңдеуші ауыл шаруашылық серіктестіктері**

Қайта өңдеуші ауыл шаруашылық серіктестіктері ауыл шаруашылық өнімін қайта өңдеумен, оны өзінің көтерме және бөлшек сауда жүйесі арқылы сатумен айналысады.

### **9-бап. Жабдықтаушы ауыл шаруашылық серіктестіктері**

Жабдықтаушы серіктестіктер ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін өндірістік процеске қажетті ресурстармен және материалдармен: жанар-жағармай материалдарымен, тұқыммен, тыңайтқыштармен, улы химикаттармен, жемшөппен, қосалқы бөлшектермен, құрылыс материалдарымен және ауыл шаруашылық өндірісіне қажет басқа да ілеспе материалдармен қамтамасыз етеді.

### **10-бап. Сервистік ауыл шаруашылық серіктестіктері**

Сервистік серіктестіктер өз мүшелеріне ауыл шаруашылық өнімін өндіру мен өткізу процесіне, сондай-ақ басқа салалардағы (материалдық-техникалық және агрохимиялық қызмет көрсету, сумен қамтамасыз ету, электрмен жабдықтау, техниканы жөндеу мен оған қызмет көрсету, телефон желісін тарту, мал тұқымын асылдандыру және селекция қызметі, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы, ормандар өсірудегі және басқа да зерттеулер бойынша қызметтер көрсету) ортақ қажеттерді қанағаттандыруға байланысты қызметтер көрсетеді.

## **3-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРІН ҚҰРУ**

### **11-бап. Ауыл шаруашылық серіктестіктігін құру тәртібі**

1. Ауыл шаруашылық серіктестігі құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен оны құру арқылы, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылық серіктестігін қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылуы мүмкін.

2. Ауыл шаруашылық серіктестігінің айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі осындай рұқсат алған кезден б а с т а п п а й д а б о л а д ы .

Ауыл шаруашылық серіктестігінің айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі осындай лицензия алған кезінен б а с т а п п а й д а б о л а д ы .

3. Жарғы мен құрылтай шарты ауыл шаруашылық серіктестігінің құрылтай құжаттары б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Құрылтай жиналысында құрылтайшылар ауыл шаруашылық серіктестігін құру туралы шешім қабылдайды, оның жарғысын бекітеді, мемлекеттік тіркеу үшін серіктестіктің құжаттарына қол қоюға және оларды табыс етуге, серіктестіктің пай қорына құрылтайшылар енгізетін мүлікті, соның ішінде мүліктік құқықты ақшамен бағалауды белгіленген тәртіппен жүргізуге уәкілеттік берілген а д а м д а р д ы с а й л а й д ы .

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **12-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің атауы және орналасқан жері**

1. Серіктестіктің атауына оның қалай аталатыны және ұйымдық-құқықтық нысаны кіреді. Серіктестіктің атауында заңдардың талаптарына немесе қоғамдық мораль нормаларына қайшы келетін атауларды, егер қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар сол адамдардан (олардың мұрагерлерінен) өз есімін пайдалануға рұқсат алмаса, адамдардың өз есімін п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

2. Серіктестіктің тұрақты жұмыс істейтін органы орналасқан жер оның о р н а л а с қ а н ж е р і д е п т а н ы л а д ы .

3. Серіктестіктің атауы мен орналасқан жері оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі.

### **13-бап. Құрылтай шарты**

1. Құрылтай шарты құрылтайшылар арасында жасалады.

2. Қ ұ р ы л т а й ш а р т ы н д а :

1) ауыл шаруашылық серіктестігін құру туралы шешім, оның қызметінің негізгі бағыттары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы, о н ы ң о р н а л а с қ а н ж е р і ;

2) оның құрылтайшыларының (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) атаулары, орналасқан жері, банк реквизиттері немесе (егер құрылтайшы жеке адам болса) тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, тұрақты тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері көрсетілген тізбесі;

3) ауыл шаруашылық серіктестігінің құрылу тәртібі; құрылтайшылардың оны құруға байланысты міндеттері, сондай-ақ құрылтайшылардың серіктестік құру жөніндегі қызметті жүзеге асыруының өзге де шарттары; аталған тұлғалардың, сондай-ақ ауыл шаруашылық серіктестігін құру мен тіркеу барысында оның мүдделерін білдіру тапсырылатын басқа да тұлғалар өкілеттігінің айқындамасы;

4) ауыл шаруашылық серіктестігі пай қорының мөлшері;

5) әрбір құрылтайшының ауыл шаруашылық серіктестігінің пай қорына қосатын ақша салымының немесе заттай түрдегі салымының құрамы, мөлшері және оны енгізу мерзімі туралы мәліметтер, сондай-ақ серіктестіктің пай қорына салымдарды дер кезінде енгізбеудің зардаптары;

6) құрылтайшылардың шығу тәртібі;

7) ауыл шаруашылық серіктестігінің жарғысын бекіту туралы жазба келтірілуге тиіс.

3. Құрылтай шарты коммерциялық құпия болып саналатын құжаттар құрамына енеді және заң актілерінде белгіленген жағдайларда уәкілетті органдар мен ұйымдардың талап етуі бойынша көрсетіледі.

#### **14-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің жарғысы**

1. Ауыл шаруашылық серіктестігінің жарғысы заңды тұлға ретіндегі серіктестіктің құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады.

2. Жарғы құрылтай жиналысында серіктестік құрылтайшыларының басым көпшілік даусымен қабылданады және онда:

1) атауы;

2) орналасқан жері;

3) қызметінің нысанасы мен мақсаты;

4) серіктестіктің басқару органдарын құру тәртібі мен олардың құзыреті, олардың шешімдер қабылдау тәртібі;

5) серіктестікке кіру тәртібі мен талаптары, мүшелікті тоқтатудың немесе серіктестікте құқықтардың пайдаланылуын уақытша тоқтата тұрудың негіздемесі мен тәртібі;

6) серіктестік мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

7) серіктестік мүлкінің қалыптасу көздері;

8) серіктестіктің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

9) аудит жүргізу тәртібі;

10) қорларды құрау мен пайдалану тәртібі, олардың түрлері мен мөлшерлері;

11) серіктестікті қайта ұйымдастыру мен оның қызметін тоқтату талаптары келтірілуге тиіс.

3. Серіктестіктің жарғысында заң актілеріне қайшы келмейтін өзге де мәліметтер қамтылуы мүмкін.

## **15-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

Жарғыға өзгерістер немесе толықтырулар жалпы жиналыста басым көпшілік дауыспен немесе серіктестік мүшелерінің басым көпшілігінің жазбаша келісімімен қабылданады. Басым көпшілік серіктестік мүшелері жалпы санының үштен екісі болады.

### **16-бап. Филиалдар мен өкілдіктер**

1. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

2. Серіктестіктің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік міндетін жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі серіктестіктің филиалы болып табылады.

3. Серіктестіктің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және серіктестікті қорғау мен оның мүдделерін білдіруді жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық іс-қимылдар жасайтын оқшауланған бөлімшесі серіктестіктің өкілдігі болып табылады.

4. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Оларға өздерін құрған серіктестік мүлік береді және олар серіктестік бекіткен ереже негізінде жұмыс істейді.

5. Филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу заңдармен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **17-бап. Мемлекет және ауыл шаруашылық серіктестігі**

1. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары серіктестіктің, оның қауымдастығының (одағының) шаруашылық, қаржы және өзге де қызметіне араласуға құқылы емес.

2. Мемлекеттік органдардың немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының серіктестік, оның қауымдастығы (одағы) құқығын бұзатын актілері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттері салдарынан серіктестікке, оның қауымдастығына (одағына) келтірілген залал азаматтық заңдарда көзделген тәртіппен өтеледі.

## **4-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІНЕ МҮШЕЛІК**

### **18-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігіне мүшелік**

1. Серіктестіктің кәсіби бағытына сәйкес тауарлы ауыл шаруашылық өнімін өндірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар серіктестік мүшелері бола алады.

2. Егер ондай серіктестіктің жарғысында өзгеше көзделмесе, жеке және заңды тұлғалар бірнеше серіктестікке мүше бола алады.

### **19-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің мүшелігіне қабылдау**

1. Серіктестіктің жаңа мүшелерін қабылдау осы Заң мен серіктестік жарғысын сақтай отырып жүргізіледі және басқарманың немесе жалпы жиналыстың шешімімен жарғыға сәйкес ресімделеді.

2. Серіктестік мүшелігіне қабылдау туралы өтініш жасалған арызда жарғының талаптарын сақтау жөнінде міндеттеме болуға, соның ішінде жарғыда көзделген пай жарналарын төлеу және серіктестік қызметтерін пайдалану жөніндегі міндеттемелер келтірілуге тиіс.

3. Арыз беруші міндетті пай жарнасын енгізген күннен бастап серіктестік мүшелігіне қабылданған болып есептеледі.

4. Серіктестік мүшесіне мүшелік кітапша беріледі, онда: міндетті пайдың мөлшері және оны енгізу мерзімі; қосымша пай жарналарының мөлшері мен саны, пай жарнасының нысаны (ақшалай, мүліктік) көрсетіледі.

### **20-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігіне мүше болуды тоқтату**

1. Серіктестікке мүше болу:

- 1) пай басқа тұлғалардың иелігіне берілген;
- 2) серіктестік мүшесі болып табылатын шаруа немесе фермер қожалығы қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған;
- 3) серіктестіктен шығарылған;
- 4) серіктестік мүшесі болып табылатын жеке тұлға қайтыс болған;
- 5) ауыл шаруашылық тауар өндіруші қызметі тоқтатылған немесе қызметтің өзге түрлеріне көшірілген;
- 6) серіктестік таратылған жағдайларда тоқтатылады.

2. Серіктестіктің әрбір мүшесінің осы Заңда және жарғыда белгіленген тәртіппен өзінің серіктестіктегі мүшелігін өз еркімен тоқтатуға құқығы бар. Серіктестік мүшелігінен өз еркімен шығу туралы арыз отыз күн ішінде қаралуға тиіс.

**Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **21-бап. Серіктестіктен шығу кезінде пайды сату, төлеу (беру)**



1. Серіктестік мүшесі өзінің пайын басқа тұлғаның иелігіне беруге және серіктестіктен шығуға хақылы. Пайды серіктестіктің мүшелері болып табылмайтын тұлғалардың иелігіне, егер жарғыда өзгеше белгіленбеген болса және ондай тұлғалар серіктестікпен кәсіби бағыттас ауыл шаруашылық тауар өндірушілері болып табылса, беруге болады. Пайды сату кезінде серіктестік мүшелері артықшылықпен сатып алу құқығын пайдаланады.

2. Осы Заңның 20-бабының 1-тармағының 2)-5) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер бойынша серіктестіктегі мүшелік тоқтатылған жағдайда серіктестік мүшесіне немесе оның құқық мирасқорына пай төленеді ( беріледі). Пай беру немесе төлеу туралы шешімді, жарғыға сәйкес, серіктестіктің жалпы жиналысы немесе басқармасы қабылдайды.

3. Пайды төлеу (беру) серіктестік басқармасы белгілеген мерзімде жүргізіледі , бірақ ол мүшелік тоқтатылған күннен бастап бір жылдан аспауға тиіс.

4. Егер осы баптың 2-тармағында аталған жағдайларда серіктестіктің шығатын мүшесіне оның пайын төлеуге (беруге) серіктестіктің мүмкіндігі болмаса, жалпы жиналыс серіктестіктің басқа мүшелерінің қосымша жарналар енгізуі туралы шешім шығарады, пай солардың есебінен төленеді (беріледі).

### **22-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігіне мүшелікті уақытша тоқтата тұру немесе одан шығару**

1. Жарғыда серіктестік мүшелігінен шығару не оның құқықтарын пайдалануды уақытша тоқтата тұру жағдайлары, сондай-ақ шығару немесе құқықты уақытша тоқтата тұру тәртібі көзделеді. Ауыл шаруашылық серіктестігінің мүшесінен шығарылған тұлғаға он күн ішінде жазбаша түрде х а б а р л а н у ғ а т и і с .

2. Ауыл шаруашылық серіктестігі мүшелігінен шығарылған немесе құқығын пайдалануы уақытша тоқтатылған тұлға жалпы жиналыстың шешімі жөнінде сотқа шағымдануға хақылы.

### **23-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігі мүшесінің борыштары бойынша пайды өндіріп алу және серіктестік мүшесінің құқық мирасқорларының мұраға қалдыру және серіктестік мүшесі болып табылатын заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезіндегі құқықтары**

1. Серіктестік мүшесінің пайы осындай борыштарды өтеу үшін өзге мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда азаматтық және азаматтық-іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен оның кредиторларының талап етуі бойынша өндіріп алу н ы с а н а с ы б о л у ы м ү м к і н .

2. Жеке тұлғаның мұрагерлері, егер серіктестіктің жарғысында өзгеше көзделмесе, өтініш негізінде серіктестің мүшесі құқығын иемденуге хақылы.

Мұндай тұлғалар серіктестіктің кәсіби бағыты бойынша ауыл шаруашылық тауар өндірушілері болып табылса, олар мүше құқықтарын иемдене алады.

3. Заңды тұлғаны қайта құру жолымен оны басқа ұйымдық-құқықтық нысандарға қайта ұйымдастырған кезде, қайта кәсіби бағыттауға байланысты мүшелікті тоқтатуға негіз болған жағдайларды қоспағанда, мүше құқығын жаңадан құрылған заңды тұлға иемденеді.

4. Заңды тұлға бірігу арқылы қайта ұйымдастырылған кезде біріккен заңды тұлғаның мүшелігі тоқтатылады. Оның пайы өзі біріккен заңды тұлғаға ауысады. Егер соңғысы серіктестік мүшесі болып табылмаса, оны серіктестікке мүше етіп қабылдау жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Заңды тұлға бөліну немесе қосылу арқылы қайтадан ұйымдастырылған жағдайда қайтадан ұйымдастырылған заңды тұлғалардың мүшеліктері тоқтатылады. Мұндай мүшелердің пайын алу құқығы бөліну балансына және алыс-беріс актісіне сәйкес қайтадан құрылған заңды тұлғаларға ауысады. Мұндай адамдар серіктестік мүшесі құқығын өтініш негізінде алады.

6. Серіктестік мүшесінің мұрагерлері мүше құқықтарын иемденбеген жағдайда оларға мұрагерлік анықталған кезден бастап бір жыл ішінде оның пайы төленуге немесе бөліп берілуге тиіс.

## **5 тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІН БАСҚАРУ**

### **24-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігін басқару органдарының құрылымы**

1. Ауыл шаруашылық серіктестігінің басқару органдары: жоғары органы - серіктестік мүшелерінің жалпы жиналысы; атқарушы органы - төраға басшылық ететін басқарма; бақылау органы - тексеру комиссиясы.

2. Серіктестікті басқару органдарының өкілеттігі, құрылымы, серіктестік басқармасының мүшелерін сайлау мен кері шақырып алу тәртібі, сондай-ақ серіктестік мүшелерінің жалпы жиналысын шақыру мен өткізу тәртібі осы Заңға және серіктестіктің жарғысына сәйкес белгіленеді.

3. Ауыл шаруашылық серіктестігінің мүшелері сот тәртібімен басқару органдарының шешімдері мен әрекеттеріне шағымдана алады.

### **25-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің жалпы жиналысы**

1. Ауыл шаруашылық серіктестігінің жалпы жиналысы серіктестіктің жоғары басқару органы болып табылады.

2. Серіктестіктің әрбір мүшесінің серіктестік қызметінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылдаған кезде, өзінің пай қорындағы пайының мөлшеріне немесе серіктестік көрсететін қызметтің өзі тұтынатын көлеміне қарамастан, бір

дауыс құқығы болады.

3. Жалпы жиналыс басқарма түріндегі атқарушы органды және бақылау органын (тексеру комиссиясын) сайлайды.

4. Жалпы жиналыстың ерекше құзыреті:

- 1) басшы органдарды сайлау және оларды босату;
- 2) тексеру комиссиясын сайлау;
- 3) серіктестіктің жарғысына өзгерістер енгізу;
- 4) атқарушы органдардың қаржылық есеп беру тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ бақылаушы органның тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді анықтау;
- 5) пай жарналарының мөлшерін белгілеу;
- 6) серіктестік қорларының түрлерін, мөлшерін, құралу және пайдаланылу тәртібін белгілеу;
- 7) пай қорының мөлшерін азайту немесе көбейту;
- 8) серіктестік мүшелігінен шығару немесе құқықтарын пайдалануды уақытша тоқтату;
- 9) серіктестік мүшелерінің серіктестік көрсететін қызметтерді міндетті тұтыну принципін қамтамасыз ету үшін серіктестік мүшелерімен келісім-шарт жасасудың негізгі ережелерін белгілеу;
- 10) серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату;
- 11) серіктестіктің басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өздерінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметіне осы Заңда белгіленген шекте қатысуы жөнінде шешім қабылдау;
- 12) жарғыда көзделген басқа да мәселелер болып табылады.

Жалпы жиналыс серіктестік қызметіне қатысты кез келген мәселені өзінің қарауына қабылдауға хақылы.

5. Жалпы жиналыс жылына кемінде екі рет шақырылады. Серіктестік мүшелерінің кемінде үштен бірінің талап етуімен кезектен тыс жиналыс шақырылады. Жалпы жиналысты шақыру тәртібі серіктестік жарғысымен белгіленеді.

6. Егер серіктестік мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, жалпы жиналыстың шешім қабылдауға құқығы бар. Жиналыста шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады және қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданған болып есептеледі. Жиналысқа қатысушылардың кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша жасырын дауыс берілуі мүмкін.

7. Ауыл шаруашылық серіктестігінің мүшесі жалпы жиналысқа өзі немесе өкілі арқылы қатысуға құқылы. Сенімхаты бар кез келген адам өкіл ретінде қатысуға хақылы.

## **26-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің басқармасы және оның өкілеттігі**

1. Серіктестіктің басқармасы оның атқарушы органы болып табылады, басқарма мүшелерін тек серіктестік мүшелері арасынан жалпы жиналыс қана сайлайды. Басқарма серіктестік қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады.

2. Басқарма серіктестікке мүше емес адамды серіктестіктің күнделікті қызметін басқару міндетін атқаратын жұмысқа жалдай алады.

Басқарма мұндай адаммен басқарушының (менеджердің) құқықтары мен міндеттерін, оның еңбегіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібін, онымен еңбек қатынастарын тоқтатудың негізін айқындайтын еңбек шартын жасасады. Басқарушыға басқа адамдарды жұмысқа жалдауға, сондай-ақ серіктестіктің өз қызметін тиімді жүзеге асыруына қажетті міндеттерді атқаруға құқық беріледі.

3. Басқарманың сан құрамы мен іс-қимыл мерзімі жарғымен белгіленеді.

4. Серіктестік басқармасының мүшелері серіктестіктің жалпы жиналысының шешімі бойынша атқаратын міндеттерінен кез келген уақытта босатылуы мүмкін.

5. Серіктестік басқармасының мүшелері өздерінің құзыретіне қатысты, жалпы жиналыс және серіктестіктің жарғысы белгілеген мәселелерді бірлесіп шешуге өкілетті.

6. Жалпы жиналыс сайланбалы органдардың мүшелеріне олардың мұндай органдар мүшелерінің міндеттерін атқаруға тікелей байланысты шығыстарын өтеу және басқарма төрағасының еңбегіне ақы төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Ауылшаруашылық серіктестіктерінің штаттағы қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.

**Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 200.05.15. N 253 Заңымен.**

## **27-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің тексеру комиссиясы**

1. Серіктестіктің жалпы жиналысы серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылау жасау мақсатымен тексеру комиссиясын құрады.

2. Тексеру комиссиясының құрамына серіктестіктің мүшелері, аудиторлық қызметті жүзеге асырушы адамдар, қаржы және бухгалтерлік есеп саласындағы мамандар және басқа адамдар кіре алады.

Атқарушы органдардың мүшелері тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

Ауыл шаруашылық серіктестігінің тексеру комиссиясы серіктестіктің жалпы

ж и н а л ы с ы н а е с е п б е р е д і .

3. Тексеру комиссиясы серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізген кезде серіктестіктің барлық құжаттамасына даусыз қол жеткізу құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының талап етуімен атқарушы органның мүшелері қажетті түсіндірмелерді ауызша немесе жазбаша түрде беруге міндетті. Тексеру нәтижесін тексеру комиссиясы серіктестіктің жалпы жиналысына ж і б е р е д і .

4. Тексеру комиссиясы жылдық баланс пен серіктестіктің басқа да есептері бойынша қорытынды жасайды. Тексеру комиссиясының қорытындысы болмайынша серіктестіктің жалпы жиналысы серіктестіктің жылдық балансы мен басқа да есептерін бекітуге хақысы жоқ.

5. Серіктестіктің тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі жарғымен б е л г і л е н е д і .

**Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.05.05. N 139 Заңымен.**

#### **28-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің аудиті**

1. Серіктестіктің жылдық қаржылық есебінің, сондай-ақ оның ағымдағы ісінің жай-күйінің дұрыстығын тексеру және растау үшін серіктестік оның жарғысында көзделген жағдайларда және тәртіпте серіктестікпен, оның атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының мүшелерімен немесе серіктестік мүшелерімен мүліктік мүддеге байланысы жоқ аудиторлық ұйымды т а р т у ғ а х а қ ы л ы .

2. Серіктестік мүшесі өз қаражаты есебінен серіктестіктің қаржылық есебіне аудит жүргізілуін талап етуге хақылы.

3. Егер серіктестіктің атқарушы органы серіктестіктің қаржылық есебіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит міндетті болған не оны жүргізуді серіктестік мүшесі талап еткен жағдайда, аудит мүдделі тұлғаның не серіктестік мүшесінің өтінішімен соттың шешімі бойынша тағайындалуы мүмкін.

**Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.05.05. N 139 Заңымен.**

### **6 тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІГІНІҢ МҮЛКІ**

#### **29-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің мүлкі және оны қалыптастыру көздері**

1. Серіктестіктің мүлкі оның мүшелерінің пай жарналары, өз қызметінен алынатын табыстар есебінен және заңда тыйым салынбаған өзге де көздерден қ а л ы п т а с а д ы .

2. Серіктестіктің мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі болады.

3. Ауыл шаруашылық серіктестігінің жарғысында көзделген жағдайларда серіктестіктің мүлкіне билік ету жалпы жиналыстың шешімімен жүзеге асырылады.

4. Серіктестік өз қызметін жүзеге асыру үшін қорлар құрады. Бұл қорлардың түрлерін, мөлшерін, оларды құру мен пайдалану тәртібін серіктестік мүшелерінің жалпы жиналысы оның жарғысына сәйкес белгілейді.

### **30-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігі мүшелерінің пай жарналары мен пайлары**

1. Серіктестікке тиесілі мүлік жарғыға сәйкес оның мүшелерінің пайларына ақша түрінде бөлінеді.

2. Серіктестіктің әрбір мүшесі үшін пай қорының, міндетті және қосымша пай жарнасының мөлшерін оған серіктестік көрсететін қызметтердің көлеміне қарай жалпы жиналыс белгілейді.

3. Пай жарналарының есебі құнына балап жүргізіледі. Пай жарнасы есебіне заттай түрде мүлік немесе мүліктік құқықтар енгізілген жағдайда пай жарналарын ақшамен бағалауды серіктестіктің басқармасы жүргізеді және оны жалпы жиналыс бекітеді. Серіктестік мүшелерінің жалпы жиналысы берілетін мүлікті ақшамен бағалау әдістемесін бекітіп, басқармаға осы әдістеме негізінде аталған мүлікті ақшамен бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды тапсыра алады. Серіктестік мүшелері жалпы жиналысының шешімі бойынша пай жарналарының ақшамен бағалануы тәуелсіз сарапшылық тексеруге берілуі мүмкін.

4. Пай жарнасы бағалану құнының міндетті пай мөлшерінен асып түсетін бөлігі серіктестік мүшесінің келісімімен оның қосымша пай жарнасы деп танылады.

5. Серіктестік мүшелері жалпы жиналысының шешімімен серіктестік жарғысына тиісті өзгерістер енгізіле отырып, пай қорының мөлшері ұлғайтылуы немесе азайтылуы мүмкін. Аталған өзгерістер заңмен белгіленген тәртіпте қайтатіркелуге жатады.

6. Пай қоры мөлшерінің ұлғайтылуы қосымша пай жарналарын енгізу жолымен жүзеге асырылады.

7. Серіктестіктің кредиторларына пай қоры мөлшерінің азайтылуы немесе оны қалыптастырудың мерзімдері туралы аталған өзгерістер күшіне енгеннен кейін бір ай ішінде хабарлануға тиіс. Аталған пай қоры мөлшерінің азайтылуы туралы хабар жарияланғаннан кейін алты ай ішінде серіктестікке талап қойған кредиторлардың талаптары қанағаттандырылуға тиіс.

### **31-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігінің мүліктік жауапкершілігі**

Ауыл шаруашылық серіктестігі өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен заңдарға сәйкес жауапты болады.

## **7-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ӨЗ МҮШЕЛЕРІМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ**

### **32-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігі мүшелерінің өнім сатуы және қызметтер тұтынуы туралы келісім-шарт (келісім)**

Серіктестік пен оның мүшелері өнім өткізу, сондай-ақ серіктестік өз мүшелеріне көрсететін қызметтердің көлемі мен түрлері туралы келісім-шарттар (келісімдер) жасаса алады.

## **8 тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

### **33-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігін қайта ұйымдастыру**

1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) заң актілеріне сәйкес серіктестік мүшелері жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Серіктестікті селолық тұтыну кооперативі етіп қайта құруға болмайды.

2. Келіспеушіліктер туындаған жағдайларда серіктестікті оның құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғалардың бөлінуі немесе бөлініп шығуы нысанында қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Серіктестік қайта ұйымдастырылған кезде оның жарғысына өзгерістер енгізу немесе жаңа жарғыны қабылдау заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Серіктестік қайта ұйымдастырылған жағдайда оның құқықтары мен міндеттері алыс-беріс актісіне немесе бөлу балансына сәйкес құқық мирасқорларына ауысады. Аталған құжаттарда тараптар дауласып отырған міндеттемелерді қоса алғанда, қайта ұйымдастырылатын серіктестіктің барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық міндеттемелері бойынша құқық мирасқорлығы туралы ережелер болуға тиіс.

5. Алыс-беріс актісі мен бөлу балансы серіктестік мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі және құрылтай құжаттарымен бірге мемлекеттік тіркеуге ұсынылады.

6. Егер бөлу балансы қайта ұйымдастырылған серіктестіктің құқық

мирасқорын белгілеуге мүмкіндік бермесе, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған серіктестіктің міндеттемелері бойынша оның кредиторлары алдында ортақ жауапкершілікте болады.

#### **34-бап. Ауыл шаруашылық серіктестігін тарату**

1. Ауыл шаруашылық серіктестігі жалпы жиналыстың шешімі бойынша немесе сот шешімінің негізінде таратылуы мүмкін.

2. Ауыл шаруашылық серіктестігін тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

### **9 тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫ (ОДАҚТАРЫ)**

#### **35-бап. Ауыл шаруашылық серіктестіктерінің қауымдастықтары (одақтары)**

1. Ауыл шаруашылық серіктестіктері облыстық және республикалық деңгейлерде қауымдастықтарға (одақтарға) бірігуі мүмкін.

2. Бастауыш ауыл шаруашылық серіктестіктері өз қызметін үйлестіру, экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында мемлекеттік және өзге де құрылымдарда коммерциялық емес ұйым болып табылатын ауыл шаруашылық серіктестіктерінің қауымдастықтарын (одақтарын) құрады.

3. Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері құрылтай шартының және жарғының негізінде іс-қимыл жасайды, бірақ өзінің дербестігі мен заңды тұлға қ ұ қ ы ғ ы н с а қ т а й д ы .

4. Қауымдастықтың (одақтың) негізгі міндеттері:

1) ауыл шаруашылық тауар өндірушілері бірлестіктерінің дамуын реттеу және оған жәрдемдесу;

2) ауыл шаруашылық серіктестіктерінің құқықтары мен экономикалық мүдделерін қорғау;

3) аймақаралық байланыстарды әзірлеу мен жүзеге асыру, ішкі және сыртқы экономикалық өзара қатынастарды жетілдіру;

4) материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге жәрдемдесу, салааралық айырбастың баламалылығы мен ауыл шаруашылық өнімінің және өнеркәсіп беретін ресурстардың бағасын реттеп отыру;

5) кәсіпорындардың даму үрдісін айқындау, соның негізінде одан әрі даму перспективасының жалпы бағытын белгілеу;

6) жаңа техниканың, технологияның енгізілуіне жәрдемдесу, тәжірибе, ғылыми-техникалық ақпарат алмасуды ұйымдастыру және патент-лицензия жұмысы мен лизингті ұйымдастыру.



5. Қауымдастықтар (одақтар) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, құрылтай шартында немесе жарғыда көзделген басқа да міндеттерді жүзеге асыруға х а қ ы л ы .

6. Ауыл шаруашылық серіктестіктерінің қауымдастықтары (одақтары) ерікті негізде құрылады, құрылтайшылар жүктеген міндеттерді атқарады.

7. Қауымдастықтардың (одақтардың) қызметін қаржыландыру осы қауымдастыққа (одаққа) біріккен ауыл шаруашылық серіктестіктерінің жыл сайынғы шарттық аударымдары арқылы жүзеге асырылады.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*